

Пайдалану
жөніндегі
нұсқаулық

ЛАЗЕРЛІК
ДАЛЬНОМЕР
АМО V30

Аспапты бірінші пайдаланар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысуды ұсынамыз.

Осы Нұсқаулықта келтірілген ұсынымдарды бұзу пайдаланушының немесе басқа адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Аспапта II класты лазерлік сәулелену қолданылады, Лазерлік сәулені көзге, сондай-ақ адамдар мен жануарларға бағыттауға қатаң түрде тыйым салынады. Балалардан аспапты аулақ сақтаңыз.

Сәулені жылтыр және шағылыстыратын беттерге (айнаға және т.б.) бағыттамаңыз.

Дальномер (қашықтық өлшегіш) тек мамандардың пайдалануына арналған. Аспапты дайын емес адамдарға бермеңіз.


Аспаппен бұрыс қолдану аспаптың зақымдануына немесе өлшеу дәлдігіне әсер етуі мүмкін. Аспапты бөлшектемеңіз және өз бетіңізше жөндемеңіз, оның құрылымын өзгертуге тырыспаңыз.

Техникалық проблемалар туындаған кезде дилерге немесе сервиске хабарласыңыз. Жұмыс істейтін аспап электромагниттік сәулелену көзі болып табылады.

Медициналық жабдықтың жанында, жарылыс қаупі бар және тез тұтанатын объектілердің жанында, ұшақтардағы аспапты қоспаңыз.

Аспапты және батареяларды тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз, оларды жергілікті ережелерге сәйкес кәдеге жаратыңыз.

1. Дисплей және түймешіктер



Аудан/Көлем/
Пифагор бойынша
өлшемдер/
Санак нүктесін
ауыстыру



Аспапты қосу/
Лазерді қосу/
Өлшемдер/Баптау







Тазалау/
Аспапты өшіру


2. Батареяларды орнату және ауыстыру



Батарея бөлігінің қақпағын ашыңыз, AAA түріндегі екі 1,5В батареясын қойыңыз. Орнату кезінде полярлықты сақтаңыз. Содан кейін қақпақты жабыңыз. Егер сіз аспапты ұзақ уақыт бойы пайдаланбасаңыз, батареялардың ағып кетуін және аспаптың істен шығуын болдырмау үшін батареяларды шығарыңыз.

3. Аспаппен жұмыс істеу

Қосу. Қосу үшін  түймешігін 1 секунд бойы басыңыз. Дисплейдің жарықтандыруын автоматты түрде өшірілуі аспап 15 секунд пайдаланбаған кезде жүргізіледі.

Өлшеулер. Қосылған күйде лазерді қосу үшін  түймешігін бір рет басыңыз. Өлшеу жүргізу үшін осы түймешікті тағы да басыңыз. Өлшеу аяқталғаннан кейін лазер автоматты түрде өшіріледі.  батырмасын ұзақ уақыт басу аспапты қашықтықты үздіксіз өлшеу режиміне ауыстырады. Дисплейдегі  символы шағылысқан сигналдың қуатын көрсетеді, осы символдағы сегменттер неғұрлым аз болса - сигнал соғұрлым әлсіз болады.

Өлшемдерді санақ (есептеу) нүктесін ауыстыру. Аспап қосылу күйінде  батырмасын ұзақ (2 секундтан астам) басу - өлшемдерді санақ нүктесін ауыстырады. Аспапты қосу кезінде санақ нүктесі әдепкі бойынша - аспаптың төменгі шетінен орнатылады, яғни өлшеу нәтижесі аспаптың ұзындығын қамтиды. Санақ нүктесін аспаптың алдыңғы шетіне ауыстырған жағдайда нәтиже аспаптың ұзындығын қамтымайды.






Аспаты өшіру. Аспапты өшіру үшін 1 секунд бойы түймешегін **OFF** басыңыз. Аспап 45 секундтан әрекетсіздіктен кейін автоматты түрде сөндіріледі.



Аспап баптау. Аспап өшірулі кезінде **ON** түймешігін ұзақ (шамамен 5 секунд) басу абаптау режимін іске қосады (төмендегі суретті қараңыз), **ON** батырмасын ұстап, 1 секунд ішінде қайтадан басу аспаптың әртүрлі функцияларының баптауларын ауыстырады.



1. Осы режимде өлшеу мәні ± 7 мм шегінде түзетілуі мүмкін. Түймешікті **ON** қысқа басу мәнді баптауға мүмкіндік береді.

2.  батырмасын 1 секунд бойы ұстап тұру өлшем бірліктерін баптауды іске қосады (фут/дюйм/метр)  түймешігін қысқаша басу арқылы қажетті өлшем бірлігін таңдаңыз.





3. Жаңадан  түймешігін 1 секунд бойы басу дыбыс сигналдарын баптауды іске қосады. "Дыбысы жоқ" немесе "дыбысы бар" күйін  түймешігін қысқа басу арқылы таңдаңыз.

on



off



4. Дисплей жарығын баптау үшін  үшін түймесін 1 секунд басып тұрыңыз.  түймешігін қысқаша басу арқылы "жарықтандырумен" немесе "жарықтандырусыз" күйін таңдаңыз.




on



off





Ауданы өлшеу.


Аспапты қосыңыз,  түймешігін қысқаша басыңыз, ауданды өлшеу режимі іске қосылды. Экранда - жыпылықтайтын жағы бар төртбұрыш  бейнеленеді. Нысаналау кескінінің нүктесін таңданыз, қашықтықты өлшеу үшін  басыңыз. Төрт бұрышты белгінің басқа жағы

жыпылықтай бастайды. Екінші қашықтықты өлшеңіз, аспап ауданы автоматты түрде есептейді. Жақтардың ұзындығы көмекші экранда, алынған аудан мәні негізгі экранда, төмен жақта пайда болады.

Көлемді өлшеу.

Экранда  бейнеленгенше,  түймешігін қысқаша басыңыз. Аспап көлемді өлшеу режиміне кірді. Үш өлшем жүргізіңіз (ұзындығы, ені, биіктігі), осы Нұсқаулықтың алдыңғы тармағындағы ауданды есептеуге ұқсас - аспап автоматты түрде көлемді есептейді.

Пифагор бойынша өлшеулер.

Экранда \sphericalangle белгісі көрінгенше  түймешігін қысқаша басыңыз. Аспап Пифагор теоремасынан алынған теңдеу бойынша арақашықтықты есептеудің үш түрін жүргізуге қабілетті, есептеу түрі дисплейде белгіленеді: \sphericalangle , \leq немесе \sphericalangle . Түймешікті қысқа басу арқылы қажетті режимді таңдаңыз, екі бөліктің ұзындығын өлшеңіз, аспап алдыңғы бөліктердегі есептеулер сияқты үшінші мәнді автоматты түрде есептейді.

Назар аударыңыз: Пифагор бойынша өлшеу жүргізу кезінде тік бұрышты үшбұрышта катет гипотенузадан қашанда қысқа екенін есте ұстау қажет. Мәндер дұрыс енгізілмесе, дисплейде "D.E" қатесі туралы хабар көрсетіледі.

Проблемалар туралы экрандық хабарлар және оларды шешу тәсілі

Хабар	Хабар мәні	Шешім
B. L	Батарея зарядының төмен дәрежесінің көрсеткіші	Батареяны ауыстырыңыз
T. L	Тым төмен температура	Аспапты тек жарамды температуралық ауқымда пайдаланыңыз.
T. H	Тым жоғары температура	Аспапты тек жарамды температуралық ауқымда пайдаланыңыз
D. E	Бастапқы мәнді дұрыс енгізбеу	Дұрыс мәнді енгізіңіз

Аспапты күту

Дальномерді судан аулақ сақтаңыз, аспапты жоғары ылғалдылықта пайдаланбаңыз және сақтамаңыз. Қажет болған жағдайда тазалау құралдарын пайдаланбай аспапты ылғалды жұмсақ матамен ұқыпты сүртіңіз. Лазер линзалары мен экранды оптикаға арналған құралдармен өңдеуге(сүртуге) болады

Техникалық сипаттамалар

Өлшем ауқымы	0,03-35 м*
Өлшеу дәлдігі	± 3 мм
Өлшем бірліктері	метр/фут/дюйм
Өлшеу жүргізу уақыты	0,3-4 сек
Лазер түрі	II класс, 620~670 nm, <1 мВт
Лазердің автоматты түрде өшірілуі	15 сек
Аспаптың автоматты түрде өшірілуі	45 сек
Дисплейді жарықтандыру	+
Өлшеудің санақ нүктесін ауыстыру	+
Ауданды/көлемді өлшеу	+
Пифагор бойынша өлшеулер	+
Қорек көзі	екі батарея 1,5В, ААА типі
Жұмыс температурасы	0 °С-тан + 40 °С-қа дейін
Сақтау температурасы	-20 °С-тан + 60 °С-қа дейін
Өлшемі	110 × 26 × 13 мм
Салмағы	20 г



amo-tools.com

ERC

Made in China